

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

ЭЛЕКТРОНДЫ БІЛІМ АЛУ: ЖОҒАРҒЫ БІЛІМ АЛУ МОДЕРНИЗАЦИЯСЫНЫҢ ФАКТОРЫ

Шуйтенов Ғабит Жумабаевич

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Ақпараттық жүйелер»
кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан

Некесова Анаргуль Аймуратовна

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Ақпараттық жүйелер»
кафедрасының оқытушысы, техника ғылымдарының магистрі, Астана, Қазақстан

Кілттік сөздер: Президент Жолдауы, қашықтықтан оқыту, онлайн дәріс, Moodle қашықтықтан оқыту жүйесі

Мақалада университеттің оқу үдерісіне қашықтықтан оқыту технологиясын ендіру тәжірибелік аспектілері қарастырылады, соның ішінде интерактивті онлайн сабақтарын жүргізу тәжірибесі, қашықтықтан оқытудың административті және оқу модульдерін ендіру болып табылады.

В статье рассматриваются преимущества внедрения ДО, практические аспекты внедрения технологий дистанционного обучения в учебный процесс университета, в частности опыт проведения интерактивных онлайн занятий, подключения модулей административного и учебного сопровождения ДО.

In article considered practical aspects of implementation of technologies of distance learning in educational process of university, in particular experience of carrying out interactive online of occupations, connections of modules of administrative and educational attending of remote learning are considered.

Қазақстан тәуелсіздік жылдарында тұрақты, қарқынды дамытын мемлекет статусына ие болды. Бүгінгі таңда Қазақстан – дамыған жас мемлекет, бұл үлкен геополитикалық мағынадағы мемлекет, бұл дегеніңіз бүкіл ғаламдық қауымдастық көлемінде бастамасы мен жетістіктері мақұлданып отырғандығын білдіреді. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтің кезекті жолдауында біздің мемлекетіміздің дамудың жаңа ұзақ мерзімді басымдықтарын атап көрсетті. Олардың ішінде – жаңа курстың экономикалық саясатын жүзеге асыру, одан әрі индустриализация және халықтық шаруашылықтың масштабты модернизациясы, кәсіпорындар қолпаштауы, әлеуметтік саясат принциптерін жаңарту, одан әрі мемлекеттілікті нығайту және қазақстандық демократияны дамыту, халықтық білім жүйесін жүзеге асыру. Әрине, жоғарғы оқу жүйесі үшін осы анықталған барлық нақты мақсаттар мен приоритеттердің бастысы – бұл қоғамдық білімнің сапалы өсуі. "Білім мен маман біліктілігі – қазіргі заман білім жүйесінің кілттік бағыты, дайындықтар, кадрларды қайта даярлау... Біздің басты мақсатымыз - 2050 жылы әлемнің ең дамыған 30 мемлекеті қатарына қосылу... Бізге оқытудың әдістемесін модернизациялауды жүргізу керек және білім беру жүйесін қарқынды түрде онлайн дамыту, халықтық білім беру жүйесіне құралдар мен шешімдер, соның ішінде барлық қалаушылар үшін қолжетімді онлайн режимде қашықтықтан оқытуды қосқан кезде, инновациялық әдістерді қарқынды түрде енгізу қажет» - білім жүйесі үшін жолдаудың кейбір цитаталары нақты анықталған.[1]

Оқу үдерісінде ақпараттық технологияларды қарқынды қолдану тенденциясы бүгінгі таңда жоғарғы оқу орындарында сапалы білім беруді шешудің жаңа жолдарын іздеу қолға алынған. Қашықтықтан оқыту технологиясын қолдану қажеттілігі жаңа талаптармен қамтылған, ол білім беруде талап етіледі – бұл дегеніңіз сапалы жоғары білім алушылардың санының өсуі, еңбек нарығында тез өзгертін өзгерістерге байланысты қайта дайындықтан өту, білім беруде

халықаралық интеграцияны күшейту және т.б.

Білім беру технологиясының барлық электронды (қашықтықтан) оқыту ерекше мінездемелерді қамтиды:

1. Оқыту үдерісін бөлу және уақыт пен кеңістікте оқыту.
2. Студенттер тобымен кездесуді жиі өткізу, өздік жұмыстарын мамандандырылған немесе тұрғылықты мекен-жай бойынша білім алу бағдарламаларын ұғыну.
3. Жоғары оқу орындарындағы құралдармен студенттің өздік жұмысын басқару, оқу жоспары бойынша қашықтықтан оқыту, оқу құралдары және оқу-әдістемелік құралдарымен арнайы дайындалған бақылаудың басты процедурасы.
4. Білімді жеткізу үшін коммуникациялық технологияларлы міндетті түрде қолдану, администрациялық есептерді шешуде және жанама, диалогтық және интерактивті оқыту субъектілерінің өзара қарым-қатынасы.[2]


Заманауи бағдарламалық қамсыздандыру талдауы және қашықтықтан оқытуды қолдайтын есептер түсінігі, сонымен қатар «Smart-қоғам жолындағы әлем» Халықаралық Форумда презентациялар мен баяндамалар талдауы (Мәскеу қ., 9-10 қазан 2012 жыл), білімді ақпараттандырудың 5 Халықаралық Форумы (Астана қ., 3-4 қараша 2011 жыл) көрсеткендей, қашықтықтан оқыту жүйесінде интерактивтіліктің барлық толық жүзеге асырылу тенденциясы бақыланады, қашықтықтан оқыту курстарына қарапайым оқу материалдарын орналастыруға өтуден мультимедиялық интерактивті контентті құрумен жүзеге асырылады және т.б.

Электронды оқытудың қолдау жүйесі Opensource жүйесінің қазіргі версиясы, Moodle ҚОЖ (қашықтықтан оқыту жүйесі) секілді, ол қашықтықтан оқытуды қолдау есептерін эффективті шешуге көмектеседі, ол оқу үдерісіндегі қатысушылар арасында интерактивті байланыстың қосымша модулі қатарын береді. Чат, электронды хабарлама, форум және де онлайн аудио-бейне конференцияларды өткізу блоктары кеңейтілімі құралдары көмегімен хабарласу стандартты мүмкіншіліктері (www.wiziq.com) бар, смартфондар мен планшетті компьютерлерді қолдану барысында порталмен ыңғайлы жұмыс атқару үшін (m-learning) мобильді құралдарын қамтуы енгізілген.[3]

Онлайн сабағын өткізу (webinar) сервисі қызықтырып отыр, ол өзі әртүрлі құралдармен максималды ақпарат бере алатын виртуалды классты құрайды (web камерадан бейне, енгізілген чат, шектеусіз интерактивті тақталар, бейнематериалдар трансляциясы және монитор экранынан қолданушының іс-әрекеті және т.б.), сонымен қатар өткізілген дәрісті бейне жазуға мүмкіндік бар, сөйтіп ол онлайн режимде қатыспаған қашықтықтан оқитын студенттерге дәрісті көруге мүмкіндік береді. Оны жүйеге енгізу практика көрсеткендей, қашықтықтан оқыту порталында интерактивтілікті лезде ұлғайтады, студенттерде оқу материалдарына деген қызығушылықты арттырады, ал оқытушыларда жүйелік және өз пәндердің толықтай сұрақтармен қамтуға қосымша құралдар пайда болады.

Moodle қашықтықтан оқыту жүйесінің қосылатын модульдері, соның ішінде порталда аудио дәрісті жазу, Skype-пен байланыс модулі көмегімен конференция құру, WikiPedia бүкіләлемдік білім базасына байланыс (сонымен қатар <https://kk.wikipedia.org> – та мемлекеттік тілде материалдар) және көптеген мүмкіндіктер қатары, порталда ол электронды контенттерді салуды жеңілдетеді, профессор – оқытушылар құрамына өздерінің электронды курстарының интерактивті мүмкіндіктерін күшейтуге көмектеседі.

Деканат үшін қашықтықтан оқыту жүйесінің қосымша артықшылығы порталды администрациялау үшін арнайы блоктарды қолдану болуы мүмкін, ол жерде деканат қашықтықтан оқитын студенттердің әрқайсысы бойынша барлық ақпаратты ала алады және әртүрлі уақыт аралығында порталда жұмыс атқаруын бақылай алады.



Сурет 1. Қашықтықтан оқыту порталын администрациялау модульдері және WikiPedia – ға байланыс.

Бұл артықшылықтар студенттерге кез келген нүктеден оқу материалдарын алуға мүмкіндік береді, физикалық түрде сабаққа қатыспай тұрып, дәріске қатысуға мүмкіндіктің болуы, сонымен қатар сұрақтар қойып, өз топтастарымен бірге ақылдасып жылдам және сапалы түрде тапсырмалар мен курстық жұмыстарды орындауға болатындығы қызықтырады. Электронды оқыту жеке оқытуды ұсынады, ол жерде қосымша оқу материалдарына қолжетімділік мүмкін болады, қашықтықтан оқыту курстарынан өту мүмкіндігі, өз жеке оқу жоспарын құруға мүмкіндіктің болуы, стандартты оқу бағдарламаларымен шектеліп қана қоймай мүмкіндіктің болуы. Қорытындысында, бұл еңбек нарығында жоғарғы оқу орындары түлектерінің қажеттілігін күшейтеді, сонымен қатар қашықтықтан оқыту технологиясын оқу үдерісінде қолдану біздің студенттерімізге оқу аяқтаған соң бизнестің жаңа ақпараттық құралдарына дайын болуын қамтамасыз етеді.

Қазіргі таңда электронды оқыту көмегімен жоғарғы білім алу жоғарғы оқу орындарының жұмысына ақпараттық технологияларды қарқынды ендіру болып табылады – ол жоғарғы мектептің оқу жүйесінің жаңа ұрпақтары және қазіргі заман университеттері жұмысының жаңа стандарттары болып табылады. Қазіргі таңда қашықтықтан оқыту технологиясын қолданып оқытуды 21 ғасырдың оқу жүйесі деп атайды, сонымен қатар оған үлкен көңіл бөлінеді және де оның көкейкестілігі қоғамдық прогресс қорытындысы, бұған дейін технология саласында көрінген, қазіргі таңда ақпараттық аумақта қарастырылады. Қашықтықтан оқыту технологиясын қолдану – бұл білікті, білімді, жоғары сапалы мамандарды дамытудың ең үздік факторы, және де олар студенттерге ақпарат көзіне қолжетімділікті қамтиды, өздік жұмыстардың тиімділігін арттырады, жаңа белестерге қол жеткізуге жаңа мүмкіндік береді, әртүрлі маман біліктілігін үйренуге болады, ал оқытушыларға жаңа оқу формалары мен әдістерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа Жолдауы. 14 желтоқсан 2012 ж. СТРАТЕГИЯ «Қазақстан-2050» Дамыған мемлекеттің жаңа саяси курсы
2. Педагогтарға қашықтықтан оқыту туралы оқулық / Ортақ ред. Т.В. Лазыкиной. Авт.: И.П. Давыдова, М.Б. Лебедева, И.Б. Мылова және т.б. – СПб: РЦОКОиИТ, 2009. – 98 б.
3. www.moodle.org